



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

**Шаммен басқару аппаратурасы
1-бөлім
ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ**

**Аппаратура управления ламповая
Часть 1
ОБЩИЕ ТРЕБОВАНИЯ И ТРЕБОВАНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ**

ҚР СТ ІЕС 61347-1-2013

IEC 61347-1:2012 Lamp controlgear. Part 1. General and safety requirements (IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

**Шаммен басқару аппаратурасы
1-бөлім
ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ**

ҚР СТ ІЕС 61347-1-2013

IEC 61347-1:2012 Lamp controlgear. Part 1. General and safety requirements (IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан метрология институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және «Технократ Плюс» ЖШС «Машина жасау, металлургия, құрылыс өнімдері мен қызметтерін сертификаттау» № 53 стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2013 жылғы қарашадғы № 529-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ІЕС 61314-1:2012 Lamp controlgear. Part 1. General and safety requirements (Басқарудың шамды аппаратурасы. 1-бөлім. Жалпы талаптар және қауіпсіздік талаптары) халықаралық стандартына балама.

ІЕС 61347-1:2012 МЭК 34 «шамдар және онымен байланысты жабдық» техникалық комитетінің 34С «Шамдарға арналған көмекші құрылғылар» қосалқы комитетімен әзірленді.

Ағылшын тілінен аударма (en).

Осы стандарт Д.А. қосымшасымен толықтырылған, онда мемлекетаралық/ұлттық стандарттардың сілтеме халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер келтірілген.

Оның негізінде осы ұлттық стандарт дайындалған (әзірленген) және оларға сілтеме берілген халықаралық стандарттардың ресми даналары Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

«Нормативтік сілтемелер» бөлімі мен стандарт мәтінінде сілтеме стандарттар жанартылған.

Сәйкестік дәрежесі - балама (IDT).

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2019 жылы
5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» сілтемесінде жарияланады, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні – ай сайын шығарылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтеуішінде жарияланады. Осы стандартты қайта қарау (ауыстыру) немесе жойған жағдайда тиісті хабарлама ай сайын шығарылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтеуішінде жарияланады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толығымен немесе жартылай шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

Кіріспе	IV
1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	4
4 Жалпы талаптар	8
5 Сынаулар бойынша жалпы мәліметтер	9
6 Жіктеу	10
7 Таңбалау	10
8 Қысқыштар	12
9 Жерге тұйықтау	12
10 Кернеу астында бөлшектермен кездейсоқ байланыстан қорғаныс	14
11 Ылғалға төзімділік пен оқшаулау	15
12 Электр беріктік	16
13 Балласт қарсылық орамдары үшін жылуға төзімділікке арналған сынау	17
14 Келте тұйықталу шарттары	20
15 Құрастырым	24
16 Жылыстау тогы жолының ұзындығы мен саңылаулар	25
17 Бұрандалар, ток жеткізетін бөлшектер мен қосылыстар	27
18 Жылу орнықтылық, отқа төзімділік және трекинг тұрақтылық	27
19 Жегіге қарсылық	28
20 Бос жүрістің шығыс кернеуі	28
А қосымшасы (міндетті) Ток жеткізетін бөлшек ток соғу тудыра алатын кернеу астындағы бөлшек болып табыла алатындығын белгілеуге арналған сынау	29
В қосымшасы (міндетті) жылу қорғалған шамды басқару аппаратурасына арналған жеке талаптар	30
С қосымшасы (міндетті) Асыра қызудан қорғау құралдарымен басқарудың электронды шамды аппаратурасына арналған жеке талаптар	38
Д қосымшасы (міндетті) жылудан қорғалған шамды басқару аппаратурасын қыздырумен сынауды орындауға арналған талаптар	41
Е қосымшасы (міндетті) t_w арналған сынауларда 4500 басқа S тұрақтыны пайдалану	44
Ғ қосымшасы (міндетті) Еспе желден қорғалған қаптама	47
Г қосымшасы (міндетті) Импульсті кернеу мәндерін шығаруды түсіндіру	48
Н қосымшасы (міндетті) Сынаулар	53
І қосымшасы (міндетті) Қосарлы немесе арқауланған оқшаулаумен кірістірілген магнитті балласт қарсылықтарға арналған қосымша талаптар	58
Ж қосымшасы (міндетті) Барынша жүктеулі талаптар жоспары	61
К қосымшасы (ақпараттық) Дайындау кезінде сәйкестікке сынау өткізу	62
Л қосымшасы (міндетті) БСНН камтамасыз ететін басқару аппаратурасына арналған жеке қосымша талаптар	65
М қосымшасы (ақпараттық) III санатты ұсталатын кернеуде пайдалануға арналған басқару аппаратурасы үшін диэлектр беріктікке арналған сынау кернеуі	73
Н қосымшасы (міндетті) Қосарлы немесе арқауланған оқшаулау үшін пайдаланылатын оқшаулау материалдарына қойылатын талаптар	74
О қосымшасы (міндетті) Қосарлы немесе арқауланған оқшаулаумен басқарудың кірістірілген электрондық аппаратурасына арналған қосымша талаптар	78
Библиография	81
Д.А қосымшасы (ақпараттық) Мемлекетаралық-ұлттық стандарттардың сілтеме халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер	83

Кіріспе

Осы стандарт басқарудың шамды аппаратурасының түрлерінің көпшілігіне жалпы жағдайда қолданылады деп санайтын жалпы талаптар мен қауіпсіздік талаптары, сондай-ақ сынаулар серияларын білдіреді. Осы талаптар мен сынауларға қажетіне қарай ІЕС 61347-2 сериясын құрайтын түрлі бөліктері қолданыла алады. Осы үлгімен осы стандарт басқарудың шамды аппаратурасының түрлерінің қайсысына болсын, өздігінен айрықшалау ретінде қарастырылмауы керек және оның ережелері ІЕС 61347-2 сериясының тиісті бөлігімен анықталған дәрежеге дейін басқарудың шамды аппаратурасының нақты түрлеріне ғана қолданылады.

Осы бөлімнің тармағының кез келгенін қарау кезінде ІЕС 61347-2 сериясын құрайтын бөліктер осындай тармақ қолданылатын дәрежені және сынаулар орындалатын тәртібі анықталады, сондай-ақ олар қажет жағдайында қосымша талаптарды қамтиды. Осы бөлік бөлімдері нөмірленген рет ерекше ешбір мәнге ие емес, себебі олардың ережелері қолданылатын тәртіп ІЕС 61347-2 сериясының тиісті бөлігімен басқарудың шамды аппаратурасының әр түрі үшін анықталған. Барлық осы бөліктер жеке болып табылады және олар бір біріне сілтемеден тұрмайды.

«ІЕС 61347-1, n-тармағының талаптары қолданылады» сөз тіркесі арқылы ІЕС 61347-2 сериясын құрайтын түрлі бөліктерде ІЕС 61347 осы бөлігінің тармақтарының кез келгенінің талаптарына арналған сілтеме берілген жерде, осы тіркес 2-қарастырылатын бөлігімен қамтылған басқарудың шамды аппаратурасының нақты түріне нақты қолданылатын кез келгенінен басқа 1-бөлімнің қарастырылатын бөлімінің барлық талаптары қолданылатынын білдіретін ретінде түсінілетін болады.

Осы стандарттың мәтініне сәйкесетін басқарудың шамды аппаратурасы, егер оны зерттеу және сынаудан кейін онда осы талаптармен қамтылған қауіпсіздіктің деңгейін төмендететін басқа сипаттамалары бар екені анықталса, стандарттың қауіпсіздік қағидаттарына сәйкесетін ретінде қарастырылуы міндетті болмайды.

Осы стандарттың талаптарында сипатталғаннан ерекшеленетін құрастырым түрі немесе материалдар пайдаланылған басқарудың шамды аппаратурасы талаптар мәніне сәйкес зерттеле және сынала алады және егер ол мәні бойынша балама екені анықталса, онда оны осы стандарттың қауіпсіздік қағидаттарына сәйкесетін ретінде бағалауға болады.

Басқарудың шамды аппаратурасы үшін жұмысшы сипаттамаларға қойылатын талаптар басқарудың шамды аппаратурасының түріне қарай қолданымдық шамасы бойынша ІЕС 60921, ІЕС 60923, ІЕС 60925, ІЕС 60927, ІЕС 60929, ІЕС 61047 және ІЕС 62384 стандарттарының заты болып табылады.

ЕСКЕРТПЕ Қауіпсіздік талаптары осы талаптарға сәйкес жасалған электр жабдығы адамдарды, үй жануарлары немесе мүлікті, ол тиісті үлгімен орнатылмағаны, қызмет көрсетілетіні және ол арналған мақсаттар үшін пайдаланғаны жағдайда қауіп тудырмайтынына кепілдік береді.

Шамдардың басқа түрлері үшін басқарудың электрондық шамды аппаратурасына арналған талаптар тиісті қажеттіктің туындай шамасына қарай жеке стандартты заты болады.

ЕСКЕРТПЕ басқару аппаратурасы баспа бетінен тұра алады және өзіне мына элементтерді қамти алады:

- басқару аппаратурасы;
- шам патроны (патрондары);
- ажыратқыш (ажыратқыштар);
- қоректендіру көзінің қысқыштары.

Басқарудың шамды аппаратурасы осы стандартқа сәйкесуі керек.

Шам патроны (патрондары), ажыратқыш (ажыратқыштар) мен қоректендіру көзінің қысқыштары өнімнің нақты түріне арналған стандарттарға сәйкесуі керек.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Шаммен басқару аппаратурасы**1-бөлім****ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ**

Енгізілген күні 2014-07-01**1 Қолданылу саласы**

Осы стандарт 50 Гц немесе 60 Гц жағдайында 250 В дейінгі тұрақты ток кәздерінде және/немесе 1 000 В дейінгі айнымалы ток кәздерінде пайдаланылатын басқарудың шамды аппаратурасына арналған жалпы талаптар мен қауіпсіздік талаптарын белгілейді.

Осы стандарт стандартталмаған шамдар үшін басқарудың шамды аппаратурасына да таратылады.

Осы стандартта қарастырылатын сынаулар түрлерді сынау болып табылады. Өндіріс кезінде басқарудың шамды аппаратурасының жеке даналарын сынауға арналған талаптар қосылмаған.

Жартылай шамдарға арналған талаптар ІЕС 60598-1 (1.2.60 анықтамасын кара) берілген.

Қауіпсіз ең төмен кернеуді қамтамасыз ететін басқару аппаратураларына арналған айрықша талаптар (бұдан әрі – ҚТКК) L қосымшасында берілген.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартқа сәйкесетін басқарудың шамды аппаратурасы тәуелсіз пайдалану жағдайында және ІЕС 60598-1 қауіпсіздік талаптары мен ІЕС 60598-2 бөліктеріне сәйкесетін шамдарда, сондай-ақ шамдарға арналған тиісті стандарттар талаптарын орындайтын шамдармен бірге пайдалану кезінде қоректендірудің оның атаулы кернеуінің 90 % және 110 % арасында қауіпсіздік қаупін білдірмейді. Жұмысшы сипаттамаларға қойылатын талаптар барынша қатаң шектерді талап ете алады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтеме құжаттар қажет:

ІЕС 60065:2001 Audio, video and similar electronic apparatus. Safety requirements (Аудио-, бейне аппаратура және балама электрондық аппаратура. Қауіпсіздік талаптары).

ІЕС 60081:1997 Double-capped fluorescent lamps. Performance specifications (жалпы жарық беруге арналған екі қатарлы люминесцентті шамдар. Жұмысшы сипаттамаларына қойылатын талаптар).

ІЕС 60085:1987 Electrical insulation. Thermal classification and designation (Электр оқшаулау. Термиялық қасиеттері бойынша жіктеу).

ІЕС 60216 (все части) Electrical insulating materials. Properties of thermal endurance (Электр оқшаулау материалдары. Жылуға тұзімділік қасиеттері).

ІЕС 60317-0-1:2008 Specifications for particular types of windings wires. Part 0-1. General requirements. Enamelled round copper wire (Орау сымдарының нақты түрлеріне арналған техникалық шарттар. 0-1-бөлім. Жалпы талаптар. Мыс сырланған дөңгелек сымдар).

ІЕС 60384-14:2005 Fixed capacitors for use in electronic equipment. Part 14. Sectional specification. Fixed capacitors for electromagnetic interference suppression and connection to the supply mains (Электрондық аппаратураға арналған тұрақты сымдылықты

ҚР СТ IEC 61347-1-2013

конденсаторлар. 14-бөлім. Топтық техникалық шарттар: радио бәгеуілдерді басуға және коректендіруші магистральға қосуға арналған тұрақты сиымдылық конденсаторлары).

IEC 60417 (барлық бөлімдері) Graphical symbols for use on equipment (Аппаратураға арналған графикалық белгілеулер).

IEC 60529:1989 Degrees of protection provided by enclosures (IP Code)¹⁾ [Корпусармен қамтамасыз етілетін қорғаныс дәрежелері (IP коды)].

IEC 60598-1:2008 Luminaires. Part 1. General requirements and tests [Шамдар. 1-бөлім: Жалпы талаптар және сынаулар]

IEC 60598-2 (барлық бөлімдері) Luminaires. Part 2. Particular requirements (Шамдар. 2-бөлім: Жеке талаптар).

IEC 60664-1:2007 Insulation coordination for equipment within low-voltage systems. Part 1. Principles, requirements and tests (Төмен вольтты жүйелерде жабдыққа арналған оқшаулауды үйлестіру. 1-бөлім. Қағидаттар, талаптар мен сынаулар).

IEC 60664-3:2010 Insulation coordination for equipment within low-voltage systems. Part 3. Use of coating, potting or moulding for protection against pollution (Төмен вольтты жүйелерде жабдыққа арналған оқшаулауды үйлестіру. 3-бөлім. Ластанудан қорғау үшін жабын, қымтау немесе құйма пайдалану).

IEC 60691:2002 Thermal-links. Requirements and application guide (жылулық балқыма салмалар. Талаптар және қолдану бойынша нұсқаулық).

IEC 60695-2-10:2013 Fire hazard testing. Part 2-10. Glowing/hot-wire based test methods. Glow-wire apparatus and common test procedure (Өрт қаупіне арналған сынаулар. 2-10-бөлім. Қыздырылған/жылытылған сымды қолданумен сынау әдістері. Аппаратура және қыздырылған сыммен сынау әдістемесінің жалпы ережелері).

IEC 60695-11-5:2004 Fire hazard testing. Part 11-5. Test flames. Needle-flame test method. Apparatus, confirmatory test arrangement and guidance (Өрт қаупіне арналған сынау. 11-5-бөлім. Сынау жалынының түрлері. Инелі жалынмен сынау әдісі. Аппаратура, салыстырып тексеру құрылғысы және нұсқаулық).

IEC 60730-2-3:2006 Automatic electrical controls for household and similar use. Part 2-3. Particular requirements for thermal protectors for ballasts for tubular fluorescent lamps (Электр тұрмыстық және балама арналған автомат басқару құрылғылары. 2-3-бөлім. Түтікті люминесцентті шамдардың стартер дроссельдеріне арналған жылумен қорғау құрылғыларына қойылатын жеке талаптар).

IEC 60884-2-4:2007 Plugs and socket-outlets for household and similar purposes. Part 2-4: Particular requirements for plugs and socket outlets for SELV (Тұрмыстық және балама арналған айырлар мен розеткалар. 2-4-бөлім. Кернеу қауіпсіздігінің шарттары бойынша азға арналған айырлар мен розеткаларға қойылатын жеке талаптар).

IEC 60901:1996 Single-capped fluorescent lamps. Performance specifications (Бір қатарлы люминесцентті шамдар. Жұмысшы сипаттамаларға қойылатын талаптар).

IEC 60906-3:1994 IEC System of plugs and socket-outlets for household and similar purposes. Part 3: SELV plugs and socket-outlets, 16 A 6 V, 12 V, 24 V, 48 V, a.c. and d.c. (Тұрмыстық және балама арналған IEC бойынша айырлар мен айыртетіктік розеткалар. 3-бөлім: Айнымалы және тұрақты токтың 16 A 6 В, 12 В, 24 В, 48 В атаулы мәндеріне арналған әздігінен қалпына келетін айырлар мен айыртетіктік розеткалар).

IEC 60921:2004 Ballasts for tubular fluorescent lamps. Performance requirements (Түтікті люминесцентті шамдарға балласттық қарсылықтар. Жұмысшы сипаттамаларына қойылатын талаптар).

IEC 60923:2005 Auxiliaries for lamps. Ballasts for discharge lamps (excluding tubular fluorescent lamps). Performance requirements (Шамдарға арналған кәмекші құрылғылар. Газ

¹⁾ Негізгі жарияланым мен оның 1-әзгерісін қамтитын біріктірілген 2.1 (2001) басылымы бар.

разрядты шамдарға арналған балласттық қарсылықтар (түтікті люминесцентті шамдардан басқа). Жұмысшы сипаттамаларына қойылатын талаптар).

IEC 60929:2006 AC-supplied electronic ballasts for tubular fluorescent lamps. Performance requirements (Түтікті люминесцентті шамдарға арналып айнималы ток кәзінен жұмыс істейтін балластты электрондық қарсылықтар. Жұмысшы сипаттамаларға қойылатын талаптар).

IEC 60950-1 Information technology equipment. Safety. Part 1. General requirements (Ақпараттық технологиялар жабдығы. Қауіпсіздік. 1-бәлім. Жалпы талаптар).

IEC 60990:1999 Methods of measurement of touch current and protective conductor current [Жанасу кезіндегі токтар мен қорғаныс өткізгіш токтарын өлшеу әдістері]

IEC 61189-2:2006 Test methods for electrical materials, printed boards and other interconnection structures and assemblies. Part 2. Test methods for materials for interconnection structures (Электр материалдар, қосылыстар арасындағы құрылымдар мен жинақталған тораптар. Сынау әдістері. 2-бәлім. Қосылыс аралығындағы құрылымдарға арналған материалдарды сынау әдістері).

IEC 61249-2 (барлық бәлімдер) Materials for printed boards and other interconnecting structures (Баспа жаймалары мен қосылыс аралығының басқа құрылымдарына арналған материалдар).

IEC 61347-2 (барлық бәлімдер) Lamp controlgear. Part 2. Particular requirements (Басқаратын шамды аппаратура. 2-бәлім: Жеке талаптар).

IEC 61347-2-8:2000 Lamp controlgear. Part 2-8. Particular requirements for ballasts for fluorescent lamps (Басқаратын шамды аппаратура. 2-8-бәлім. Люминесцентті шамдар үшін электрондық балласт қарсылықтарға қойылатын жеке талаптар).

IEC 61347-2-9:2000 Lamp controlgear. Part 2-9. Particular requirements for ballasts for discharge lamps (excluding fluorescent lamps) (Басқаратын шамды аппаратура. 2-9-бәлім. Разрядты шамдарға (люминесценттіден басқа) арналған электрондық балластты қарсылықтарға қойылатын жеке талаптар).

IEC 61558-1:2005 Safety of power transformers, power supplies, reactors and similar products. Part 1. General requirements and tests (Күш трансформатордары, қоректендіру блоктары, реакторлар мен балама бұйымдар. Қауіпсіздік. 1-бәлім. Жалпы талаптар және сынаулар).

IEC 61558-2-6:2009 Safety of transformers, reactors, power supply units and similar products for supply voltages up to 1 100 V. Part 2-6. Particular requirements and tests for safety isolating transformers and power supply units incorporating safety isolating transformers (Трансформаторлар, реакторлар, қоректендіру блоктары мен 1100В дейінгі қоректендіру кернеуіне арналған балама бұйымдар. Қауіпсіздік. 2-6-бәлім. Қауіпсіздіктің оқшаулаушы трансформаторлары мен оларға кірістірілген қоректендіру блоктарына жеке талаптар мен сынаулар).

IEC 61558-2-16:2009 Safety of transformers, reactors, power supply units and similar products for supply voltages up to 1 100 V. Part 2-16. Particular requirements and tests for switch mode power supply units and transformers for switch mode power supply units (Трансформаторлар, реакторлар, қоректендіру блоктары мен 1100В дейінгі қоректендіру кернеуіне арналған балама бұйымдар қауіпсіздігі. 2-16-бәлім. Айырып қосу режимінде қоректендіру блоктары мен оларға түрлендіргіштерге қойылатын жеке талаптар мен сынаулар).

ISO 4046-4:2002 Paper, board, pulp and related terms. Vocabulary. Part 4. Paper and board grades and converted products (қағаз, картон, целлюлоза және оларға қатысты терминдер. Сөздік. 4-бәлім. Қағаз бен картон сұрыптары мен олардың қайта әңделген әнімдері).

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдаланған кезде сілтеме стандарттар ағымдағы жылдағы

жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтеме құжат ауыстырылса, (әзгертілсе), онда осы стандартты пайдаланған кезде ауыстырылған (әзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта сәйкес анықтамаларымен мына терминдер қолданылады:

3.1 Басқарылатын шамды аппаратура (lamp controlgear): Қоректендіру кернеуін түрлендіру, қажетті мәнге дейін шам (шамдар) тогын шектеу, іске қосу кернеуі мен алдын ала қыздыру тогын қамтамасыз ету, салқын іске қосылудың алдын алу, күш коэффициентін түзету немесе радиобөгеуілдерді кеміту үшін қызмет ете алатын бір немесе бірнеше шамдар және қоректендіру арасында бір құрамбірлік немесе бірнеше құрамбірліктер.

3.1.1 Басқарудың кірістірілген шамды аппаратурасы (built-in lamp controlgear): Басқарудың, жалпы жағдайда шамда, қорапқа, қаптамаға және т.с.с. енгізуге арналған және шамнан тыс орнатуға және т.б. сақтықтың арнайы шараларынсыз орнатуға арналмаған шамды аппаратурасы.

ЕСКЕРТПЕ Жолға жарық беру бағанасының түбінде басқару аппаратурасына арналған бөлік қаптама деп аталады.

3.1.2 Басқарудың тәуелсіз шамды аппаратурасы (independent lamp controlgear): бір жеке элементтер немесе бірнеше жеке элементтерден тұратын, оларды шамнан бөлек орнатуға, басқарусыз және қандай да бір қосымша қаптамасыз басқарудың шамды аппаратурасын таңбалауға сәйкес қорғауға арналып әзірленген бір жеке элементтен немесе бірнеше жеке элементтерден тұратын басқарудың шамды аппаратурасы

ЕСКЕРТПЕ Ол оның таңбалануына сәйкес барлық қажетті қорғанысты қамтамасыз ететін тиісті қаптамаға салынған басқарудың кірістірілген шамды аппаратурасынан тұруы керек.

3.1.3 Басқарудың біріктірілген шамды аппаратурасы (integral lamp controlgear): шамның алмастырылмайтын бөлігі болып табылады және оны шамнан бөлек сынауға болмайтын басқарудың шамды аппаратурасы.

3.2 Балласттық қарсылық (ballast): Қоректендіру мен бір немесе бірнеше разрядты шамдар арасына қойылатын, индуктивтілік, сиымдылық немесе индуктивтілік пен сиымдылық жинағы арқылы басты үлгіде қажетті мәнге дейін шам (шамдар) тогын шектеу үшін қызмет ететін блок.

ЕСКЕРТПЕ Ол сондай-ақ іске қосу кернеуі мен алдын ала қыздыру тогын қамтамасыз етуге кәміктесетін қоректендіру кернеуін түрлендіру мен орнатуға арналған құралдарды қамти алады.

3.2.1 Тұрақты токпен қоректендірілетін электрондық балласт қарсылық (d.c. supplied electronic ballast): Бір немесе бірнеше люминесцентті шамдарға қорек беруге арналған тұрақтандырушы элементтерді қамти алатын жартылай өткізгіш құрылғыларын пайдаланатын айнымалы токқа тұрақты токты түрлендіргіш

3.2.2 Эталон балласт қарсылық (reference ballast): балласттық қарсылықты сынау кезінде және эталон шамдарды таңдау үшін пайдаланатын салыстырмалы стандарттар үшін әзірленген арнайы индуктивті балласт қарсылық. Бұл қарсылық токқа кернеудің орнықты қатынасымен сипатталады және ток, температура мен магнитті орта ауытқуына

байланысты болмайды (сондай-ақ ІЕС 60921, С қосымшасы мен ІЕС 60923, а қосымшасын кара).

3.2.3 Басқарылатын балласттық қарсылық (controllable ballast): Шамының жұмысшы сипаттамалары белгі арқылы желі немесе қосымша басқару енуі арқылы өзгертуге болатын электрондық балласт қарсылық.

3.3 Эталон шам (reference lamp): балласттық қарсылықты сынауға таңдалған, эталон балласт қарсылықпен қосылып шамдарға арналған тиісті стандартта мәлімделген атаулы мәндерге жуық электр сипаттамаларына ие шам.

3.4 Эталон балласттық қарсылықтың калибрлеу тогы (calibration current of a reference ballast): Оған калибрлеу негізделген және эталон балласт қарсылықты бақылау негізделген ток мәні.

ЕСКЕРТПЕ осындай ток ол үшін осы эталон балласт қарсылық сәйкесетін шамдардың атаулы жұмысшы тогына болжалды тең болуы ұсынылады.

3.5 Қорек кернеуі (supply voltage): шамның (шамдардың) тұйықталған контурына және шамды басқару аппаратурасына берілген кернеу.

3.6 Жұмысшы кернеу (working voltage): Ашылған тізбек жағдайында немесе қалыпты жұмыс істеу кезінде айнымалы процестерді елемей қоректендірудің атаулы кернеуі жағдайында кез келген оқшаулау шеттерінде туындай алатын кернеудің ең жоғары биік орташа квадрат мәні.

3.7 Есептелген кернеу (design voltage): Басқарудың шамды аппаратурасының барлық сипаттамалары байланысты болатын дайындаушы мәлімдеген кернеу. Бұл мән атаулы кернеу ауқымының ең жоғары мәнінен 85 % кем емес.

3.8 Кернеу ауқымы (voltage range): Онда жұмыс істеу үшін балласттық қарсылық арналған қоректендіру кернеуінің ауқымы

3.9 Бос жүрудің атаулы шығыс кернеуі (rated no-load output voltage): балласт қарсылық атаулы жиілік жағдайында айнымалы процес пен бастапқы фазаны елемей шығыста жүктеусіз атаулы қоректендіру кернеуіне қосылатын шығыс кернеуі.

3.10 Қоректендіру тогы (supply current): шамның (шамдардың) тұйықталған контурына және басқарудың шамды аппаратурасына берілетін ток

3.11 Кернеу астындағы бөлшек (live part): қалыпты пайдалану жағдайында ток соғуын тудыра алатын ток өткізетін бөлшек. Бейтарап өткізуші әдетте кернеу астындағы бөлшек ретінде қарастырылады.

ЕСКЕРТПЕ Ток өткізуші бөлшек кернеу астында болып табылатынын анықтауға арналған сынақ ток соғуын тудыра алатын жағдай А қосымшасында берілген.

3.12 Түрін сынау (type test): осы бұйым құрастырымының тиісті стандарт талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатында түрді сынауға арналған үлгіде орындалатын сынау немесе сынаулар сериясы.

3.13 Түрді сынауға арналған үлгі (type-test sample): Дайындаушы немесе түрлі сынауға арналған жауапты сатушы берген бір немесе бірнеше ұқсас бірліктерден тұратын үлгі.

3.14 Пішін күшінің коэффициенті λ (circuit power factor): Басқарудың шамды аппаратурасының немесе шамның немесе олар үшін басқарудың шамды аппаратурасы әзірленген шамдар жиынтығының күш коэффициенті.

3.15 Күштің жоғары коэффициентімен балласт қарсылық (high power factor ballast): Тізбек күшінде кемі 0,85 коэффициентке ие балласт қарсылық (алға озған немесе қалқыңқы).

ҚР СТ ІЕС 61347-1-2013

ЕСКЕРТПЕ 1 0,85 мәні ток нысанының өзгеруін ескереді.

ЕСКЕРТПЕ 2 Солтүстік Америка үшін күш коэффициенті кемі 0,9 күш коэффициенті ретінде анықталады.

3.16 **Атаулы ең жоғары температура t_c** (rated maximum temperature): Қалыпты кернеу жағдайында немесе атаулы кернеу ауқымының жоғары жағдайында сыртқы бетте туындай алатын ең жоғары рұқсат етілетін температура (егер ондай таңбаланған болса, көрсетілген орында).

3.17 **Басқарудың шамды аппаратурасы орауының атаулы ең жоғары жұмыс температурасы t_w** (rated maximum operating temperature of a lamp controlgear winding): ол жағдайында 50 Гц/60 Гц арналған басқарудың шамды аппаратурасы күтуге болатындай кем дегенде үздіксіз 10 жыл әрекет ететін қызмет ету мерзіміне ие болатын ең жоғары температура ретінде дайындаушы көрсеткен орау температурасы.

3.18 **Тіктеуші әсер** (rectifying effect): бір катод сынған не жүйелі жартылай кезеңде тұрақты бірдей емес доғалық разряд тогына келтіретін жеткіліксіз электрондық эмиссияға ие болатын шамның қызмет ету мерзімінің соңында туындай алатын әсер.

3.19 **Ұзақ мерзімдікке сынау ұзақтығы D** (test duration of endurance test): оған сынаудың температуралық шарттары негізделген ұзақ мерзімдікке арналған ерікті сынақ ұзақтығы

3.20 **Ораудың балласт қарсылығы окшаулауының жағдайының нашарлауы S** (degradation of insulation of a ballast winding): Балласт қарсылық окшаулауының жағдайының нашарлауын анықтайтын тұрақты.

3.21 **Тұтатушы** (ignitor): разрядты шамдарді іске қосу үшін кернеу импульстерін генерациялауға арналған және электродтардың алдын ала қызуын қарастырмайтын құрылғы.

ЕСКЕРТПЕ Іске қосу кернеуінің импульсін шығаратын элемент триггермен жарақталған немесе жарақталмаған бола алады.

3.22 **Қорғаныс жерге тұйықтау** (protective earth (ground)): Қауіпсіздік тұрғысынан дермен қосылатын бөлшектер біріктірілетін қысқыш



(ІЕС 60417-5019 (2002-10)).

3.23 **Жұмысшы жерге тұйықтау** (functional earth (ground)): қауіпсіздіктен басқа өзге себептермен жерге қосу керек болатын бөлшектер қосылатын қысқыш



(ІЕС 60417-5017 (2002-10)).

ЕСКЕРТПЕ 1 Кейбір жағдайларда жұмысшы жерге тұйықтау іске қосуды жеңілдету және/немесе радиобөгеуілдерді болдырмау үшін қажет болады.

3.24 **Қанқа (шасси)** (frame (chassis)): Әлеуеті тірек ретінде алынатын қысқыш



(ІЕС 60417-5020 (2002-10)).

3.25 **Басқарушы қысқыштар** (control terminals): Электр қоректендіру қысқыштарынан басқа электрондық балласт қарсылықпен қосылыстар балласт қарсылықпен ақпарат алмасу үшін пайдаланылады.

ЕСКЕРТПЕ Электр қоректендіру қысқыштары сондай-ақ балласт қарсылықпен ақпарат алмасу үшін пайдаланыла алады.

3.26 **Басқарушы белгі** (control signal): айнымалы немесе тұрақты кернеу бола

алатын және балласт қарсылықпен ақпарат алмасу үшін балама, сандық немесе басқа құралдармен үлгілене алатын белгі.

3.27 Ең төменгі кернеу; СНН (extra-low voltage; ELV): өткізгіштер арасында пульсталусыз немесе кез келген өткізгіш және жер арасында 50 В айнымалы токтан немесе 120 В тұрақты токтан аспайтын кернеу (кернеулер ақымы 1 ІЕС 60449:1973)

ЕСКЕРТПЕ 1 «пульсталусыз» дәстүрлі 10 % артық емес орташа квадрат мән пульсталуына ие болатын ретінде синусоидалды пульсталатын кернеу үшін анықталады. Ең жоғары амплитудалық мән пульсталусыз жүйелердің 120 В тұрақты тогының атаулы мәні үшін 140 В аспайды.

3.28 Қауіпсіз ең төменгі кернеу; БСНН (safety extra low voltage; SELV): Оқшаулаумен коректендіретін желіден оқшауланған, ІЕС 61558-2-6 сәйкес қауіпсіздіктің оқшаулаушы трансформаторының бірінші және екінші контурлары арасында оқшаулаудан кем емес контурдағы СНН.

ЕСКЕРТПЕ 1 Айнымалы токтың орташа квадрат мәнінің 50 В төмен немесе пульсталусыз 120 В тұрақты токтың ең жоғары кернеуін әсіресе ток өткізетін бөлшектермен тіке байланыс рұқсат етілетін жеке талаптарда беруге болады.

ЕСКЕРТПЕ 2 Көзі оқшаулауды қауіпсіздік трансформатор болып табылатын толық жүктеу мен бос жүріс арасында қандай да бір жүктемеге арналған кернеу шегінен аспауы керек.

ЕСКЕРТПЕ 3 «Пульсталусыз» дәстүрлі 10 %-нан артық емес орташа квадрат мәнінің пульсталуынан тұратын ретінде синусоидалды пульсталатын кернеу үшін анықталады: ең жоғары амплитудалық мән пульсталусыз жүйелердің 120 В тұрақты токтың атаулы мәні үшін 140 В аспайды.

3.29 Корпус (body): осы стандартта барлық қол жеткізімді металл бөлшектер, біліктер, тұтқалар, батырма, қысқыштарды және т.с.с, қол жеткізімді металл бекіту бұрандалары мен оқшаулау материалының қол жеткізімді беттеріне салынған металл жұқалтырды қамтитын және қол жеткізімді болмайтын металл бөлшектерді қамтымайтын жалпы термин ретінде пайдаланылатын термин.

3.30 Ұсталатын импульсті кернеу санаты (impulse withstand category): Асқын кернелудің айнымалы жағдайын анықтайтын, санның асыра кернелу санаты.

ҰСЫНЫЛМАЙТЫН [ТЕРМИН]:

ЕСКЕРТПЕ 1 I, II, III және IV ұсталатын импульсті кернеу санаттары пайдаланылады. Қосымша ақпарат үшін ІЕС 60664-1 және ІЕС 60598-1 қараңыз.

3.31 I-класты басқарудың шамды аппаратурасы (class I lamp controlgear): онда ток соғуынан қорғаныс нет негізгі оқшаулауға түсірілмейтін, оның салдарынан қол жеткізімді ток өткізетін бөлшектер тек негізгі оқшаулаудың бұзылуы жағдайында кернеу астындағы бөлшектер бола алмайтындай үлгіде қондырғының бекітілген сымында қорғаныс (жерге тұйықтайтын) өткізгіштермен қол жеткізімді өткізетін бөлшектерді қосу үшін құралдар қамтамасыз етілетін қауіпсіздіктің қосымша шараларын қамтитын басқарудың тәуелсіз аппаратурасы.

ЕСКЕРТПЕ 1 сөздік мақаласына: I класты басқарудың тәуелсіз шамды аппаратурасы қосарлы немесе арқауланған оқшаулаулы бөлшектерге ие бола алады.

ЕСКЕРТПЕ 2 сөздік мақаласына: I класты басқарудың тәуелсіз шамдық аппаратурасы бөлшектерге ие бола алады, онда ток түсуінен қорғаныс кернеудің қауіпсіз ең төменгі жағдайында жұмысқа арнала алады (БСНН)

3.32 II класты басқарудың шамды аппаратурасы (class II lamp controlgear): Онда ток соғуынан қорғаныс негізгі оқшаулауға негізделмейтін, тек қосарлы оқшаулау немесе

арқауланған оқшаулау сияқты қосымша қауіпсіздік шараларын қарастыратын тәуелсіз басқару аппаратурасы, ол жағдайында қорғаныс жерге тұйықталу қарастырылмайды және қондыру шарттарына негізделмейді.

3.33 III-класты басқарудың шамды аппаратурасы (class III lamp controlgear): Онда ток соғуы қауіпсіз ең төменгі кернеу жағдайында (БСНН) болжанатын және онда БСНН мәнінен жоғары кернеу жинақталмайтын тәуелсіз басқару аппаратурасы.

3.34 Қорғаныс импеданс құрылғы (protective impedance device): импедансы мен құрастырымы орнықты жанасу тогы мен разряды қауіпсіз емес деңгеймен шектеулі болуына кепілдік беретін құрамбірлік немесе құрамбірліктер торабы.

3.35 Ең жоғары жұмысшы кернеу; U_{out} (maximum working voltage): қалыпты немесе қалыпты емес жұмысшы жағдайлар кезінде шығыс қысқыштар арасында немесе шығыс қысқыштар мен жер арасында барынша туындайтын жұмысшы кернеу (орташа квадрат мән).

ЕСКЕРТПЕ 1 Айнымалы процестер және тұтату кернеулерін қабылдамауға болады.

3.36 Негізгі оқшаулау (basic insulation): Келте тұйықталусыз жағдайда электр тогына түсуден қорғанысты қамтамасыз ететін бөлшектер оқшаулауы.

3.37 Қосарлы оқшаулау (double insulation): бір реттік келте тұйықталу жағдайында электр тогына түсуден қорғанысты қамтамасыз ететін оқшаулаудың екі қабатымен бөлшектерді оқшаулау.

3.38 Арқауланған оқшаулау (reinforce insulation): Қосарлы оқшаулауға ұқсас қорғаныстың дәл сондай дәрежесін қамтамасыз ететін бөлшектерді оқшаулау


4 Жалпы талаптар

Басқарудың шамды аппаратурасы қалыпты пайдалану жағдайында ол пайдаланушы немесе қоршаған заттар үшін қауіпсіз жұмыс істейтіндей әзірленіп құрастырылуы керек.

Сәйкестік барлық берілген сынауларды орындаумен тексеріледі.

Басқару аппаратурасының қосарлы немесе арқауланған оқшаулауы үшін пайдаланылатын оқшаулау материалдарына арналған талаптар осы стандарттың N қосымшасында анықталған.

Бұдан басқа тәуелсіз басқарудың шамды аппаратурасы жіктеу талаптары мен IP

класс,  таңбалау және т.б. сияқты сол стандарттың таңбалау талаптарын қоса ІЕС 60598-1 талаптарына сәйкесуі керек. Кәрістірілген қосарлы немесе арқауланған оқшаулаумен балласт қарсылықтар қосымша I қосымшасының талаптарына сәйкесуі керек.

Қосарлы немесе арқауланған оқшаулаулы басқарудың кірістірілген электрондық аппаратурасы қосымша O қосымшасының талаптарына сәйкесуі керек.

Кейбір кірістірілген басқарудың шамды аппаратурасы өзінің меншікті қаптамасына ие болмайды, ол баспа жаймалары мен ондағы электр бөлшектерінен тұрады, ол шамға кірістірілген кезде ІЕС 60598-1 талаптарына сәйкесуі керек. Өзінің қаптамасы болмайтын басқарудың біріктірілген шамды аппаратурасын ІЕС K 60598-1 стандартының 0.5 бөлімінде анықталған шамдардың біріктірілген құрамбірліктері ретінде қарастыру кереке, оны шамға кірістірілген кезде сынау керек.

ЕСКЕРТПЕ Қажет жағдайда шам дайындаушыға басқару аппаратурасының дайындаушысымен тиісті сынақ талаптарына қатысты консультация алу ұсынылады.

Шамдар қауіпсіздігі бойынша стандарттарда шамдардың қауіпсіз жұмысы үшін

«Балласттық қарсылықты есептеу бойынша ақпарат» берілген. Балласттық қарсылықты сынау кезінде оны міндетті ретінде бағалау керек.

БСНН қамтамасыз ететін басқару аппаратурасы L қосымшасында келтірілген қосымша талаптарға сәйкесуі керек. Олар басты үлгімен оқшаулау қарсылығын, электр беріктігін, жылыстау тоғының жол ұзындығы мен бірінші және екінші контур арасында санылауларды қамтиды.

5 Сынаулар бойынша жалпы мәліметтер

5.1 Осы стандартқа сәйкес сынаулар – бұл түрлі сынау.

ЕСКЕРТПЕ осы стандартпен рұқсат етілген талаптар мен рұқсат етулер түрді сынауға арналған үлгіні сынаумен байланысты, осы мақсатпен дайындаушы берген. Түрлі сынау үлгісінің сәйкестігі дайындаушының барлық әнімдерінің осы қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне кепілдік бермейді.

Әнімнің сәйкестігіне дайындаушы жауап береді; сәйкестікті тексеру стандартты сынауларды және түрді сынауға толықтыру ретінде сапаны тексеруді қамти алады.

5.2 Егер әзгесі анықталмаса, онда сынаулар 10 С - 30 °С дейінгі қоршаған орта температурасы жағдайында орындалады.

5.3 Егер әзгесі анықталмаса, онда түрді сынау түрді сынау үшін берілген бір немесе бірнеше заттардан тұратын бір үлгіде орындалады.

Жалпы жағдайда барлық сынаулар басқарудың шамды аппаратурасының әр түрінде орындалады немесе егер басқарудың ұқсас шамды аппаратурасының ауқымы іске қосылған болса, әр ауқымда тұтынылатын күш үшін немесе ауқымнан алынған таныстыру іріктемесінен дайындаушымен келісім бойынша орындалады.

Егер шамды аппаратураның үш үлгісін сынау кезінде екі үлгі сынақтан әте алмаса, онда түр қабылданбайды. Егер сынаудан тек бір үлгі әте алмаса, онда басқа үш үлгі пайдаланумен қайталанады және олардың барлығы сынақ талаптарына сәйкесуі керек.

Егер ІЕС 61558-1:2005, 14.3 немесе 15.5 сынауларын орындау керек болса, онда үш қосымша үлгі керек болады. осы үлгілер сәйкес ІЕС 61558-1:2005, 14.3 немесе 15.5-т сынаулары үшін пайдаланылады.

5.4 Сынаулар, егер ІЕС 61347-2 әзгесі анықталмаса, осы стандартта кәрсетілген тәртіпте орындалуы керек.

5.5 Жылумен сынау үшін басқарудың тәуелсіз шамды аппаратурасын үш, қара күңгірт бояумен бояулған, қалыңдығы 15 мм-ден 20 мм-ге дейінгі ағаш/ағаш талшықты плиталардан тұратын және олар бәлменің екі қабырғасы мен тәбесін білдіретіндей орналастырылған сынақ бұрышында кірістіру керек. басқарудың шамды аппаратурасы қабырғаға барынша жақын тәбеге қатты бекітіледі, бұл жағдайда тәбе кем дегенде басқарудың шамды аппаратурасының қарама-қайшы жағының шегінен 250 мм-ге таралуы керек.

5.6 Тұрақты токпен қоректендірілетін, батареядан қоректенуге арналған балласттық қарсылықтар үшін, кәз импедансы батарея кәзінің импедансына балама жағдайында батареядан ерекше энергия тозінің тұрақты тоғын алмастыру рұқсат етіледі.

ЕСКЕРТПЕ Тиісті атаулы кернеулі және сиымдылықты индуктивті емес конденсатор кем дегенде сыналатын блоктың қоректендіроу кәзінің қысқыштарына қосылған 50 мкФ, батарея әдетте кәзінің импедансын ұқсататын кәз импедансын қамтамасыз етеді.

5.7 Осы стандарт талаптары бойынша басқарудың шамды аппаратурасына сынақ жүргізу кезінде сынаудың барынша ерте хаттамаларын алдындағы сынақ есебімен бірге сынау үшін жаңа үлгі беріп жаңа басылымға сәйкес жаңартуға болады.

Түрге толық сынаулар әткізу, жалпы жағдайда талап етіле алмайды, бұйым мен

ҚР СТ ІЕС 61347-1-2013

алдындағы сынақ нәтижелерін «Барынша қиын талаптар жоспары» J міндетті қосымшасында кәрсетілгендей «R» таңбаланған өзгертілген бәлімге қатысты талдана ғана алады.

6 Жіктеу

Басқарудың шамды аппаратурасы орнату әдісі бойынша жіктеледі, атап айтқанда:

- кірістірілген;
- тәуелсіз;
- біріктірілген.

7 Таңбалау

7.1 Табалануы керек элементтер:

ІЕС 61347-2-да келесі элементтердің қайсысына міндетті немесе ақпарат үшін берілетін, басқарудың шамды аппаратурасында кәрсетілетін немесе дайындаушы каталогы немесе ұқсас құжатта берілетін қандай таңбалау салынуы керектігі кәрсетілген.

Қаптамасыз басқару, сонымен бірге кірістірілген ретінде жіктелген аппаратура үшін (мысалы ашық баспа торабы) а) және б)-тармақтары ғана басқару аппаратурасында таңбалау үшін міндетті болып саналуы керек. ІЕС 61347-2 талап етілетін басқа міндетті таңбалаулар басқару аппаратурасында кәрсету немесе дайындаушы каталогы не ұқсас құжатта кәрсетілуі керек ақпарат ретінде берілуі керек.

Өндірістік марка (сауда маркасы, дайындаушы атауы немесе жауапты сатушы/жеткізуші аты).

Үлгі нәмірі немесе дайындаушы түріне арналған сілтеме.

Басқарудың тәуелсіз шамды аппаратура белгісі, егер қолданылса



Алмастырылатын және тығындар, басқарудың шамды аппаратурасын қоса өзара алмасатын бәлшектер арасында үйлестіру басқарудың шамды аппаратурасында аңызбен таңбалануы немесе балқыма сақтандырғыштарынан басқасы дайындаушы каталогында кәрсетілуі керек.

Коректендірудің атаулы кернеуі (немесе олар бірнешеу болса, кернеулер), кернеу ауқымы, коректендіру тогының (токтарының) жиілігі, коректендіру тогы дайындаушы әдебиетінде кәрсетіле алады.

Жерге тұйықтау қысқыштары (егер олар болса)



немесе



немесе  белгісімен сәйкестіндірілуі керек.

Бұл белгілер бұрандаларға немесе басқа жеңіл алып тасталатын бәлшектерге салынбауы керек.

Егер басқарудың шамды аппаратурасы жерге тұйықтау белгісімен таңбаланса, онда дайындаушы нұсқаулығы осы басқару аппаратурасын жерге тұйықтамай пайдалану болатындығы туралы ақпараттан тұруы керек.

ЕСКЕРТПЕ Белгілер пайдалану туралы ІЕС 60417 қара.

g) t_w белгісінен кейін келетін ораудың атаулы ең жоғары жұмысшы температурасының мәлімделген мәні 5 °C еселігі ретінде ұлғаяды;

h) басқарудың шамды аппаратурасы кернеу астындағы бәлшектермен кездейсоқ

байланыстан қорғау үшін шам қаптамасына сүйенбейтінін көрсету.

і) егер олар болса қысқыштар тиісті болып табылатын әткізгіштердің кәлденен қимасының белгіленуі.

Белгі: квадрат миллиметрде (мм^2) тиісті мән (мәндер), олардан кейін шағын квадрат келеді.

ж) шам түрі мен оның атаулы тұтынатын күші немесе олар үшін басқарудың шамды аппаратурасы келетін тұтынылатын күш немесе олар үшін басқарудың шамды аппаратурасы әзірленген шамның (шамдардың) түріне (түрлеріне) шамдарға арналған айрықшалауда көрсетілген белгі. Егер басқарудың шамды аппаратурасы бір шамнан артық пайдалану үшін арналған болса, онда әр шамның тұтынылатын күшінің саны мен атаулы мәндерін көрсету керек.


ЕСКЕРТПЕ 1 ІЕС 61347-2-2 анықталған басқарудың шамды аппаратурасы үшін тұтыналытн күштің таңбаланған ауқымы, егер дайындаушы әдебиетінде әзгесі көрсетілмесе, ауқым шектерінде барлық атаулы мәндерді қамтиды деп болжанады.

к) оған қысқыштар орналасуы мен арнаулы көрсетілген құрастыру схемасы. Егер басқарудың шамды аппаратурасында қысқыштар болмаса, онда құрастыру схемасында сымдарды қосу үшін пайдаланылатын код мәні нақты көрсетілуі керек. нақты пішіндерде ғана жұмыс істейтін басқарудың шамды аппаратурасы тиісті үлгімен белгіленуі керек, мысалы таңбалау немесе құрастыру схемасының кәмегімен белгіленуі керек.

л) t_c мәні

Егер ол басқарудың шамды аппаратурасында нақты орынға қатысты болса, онда бұл орын дайындаушы каталогында белгіленуі немесе анықталуы керек.

м) Өтінілген температура үшін белгі, жылу қорғаумен басқару аппаратурасына

арналған  (В қосымшасын қара). Үш бұрыштағы нүктелер дайындаушы белгілеген Цельсий градустарында корпусың атаулы ең жоғары температурасы мәндерімен алмастыру керек, мәндері 10 еселік ретінде ұлғаяды.

н) басқарудың шамды аппаратурасына қосымша талап етілетін жылу бұрғыш (жыл бұрғыштар).

о) Басқару аппаратурасы шамға кірістірілген кезде сақталуы керек қалыпсыз жағдайда ораудың шекті температурасы шамды жобалау үшін ақпарат ретінде беріледі.

ЕСКЕРТПЕ 2 Егер басқарудың шамды аппаратурасы қалыпты емес жағдайлар құрмайтын пішіндерге арналған немесе ІЕС 60598-1 стандартының С қосымшасының қалыпты емес шарттарынан басқарудың шамды аппаратурасын босататын іске қосу құрылғыларымен ғана пайдалану үшін арналған болса, онда қалыпты жағдайда емес орау температурасы белгіленбейді.

р) дайындаушы тандауы бойынша 30 күннен астам кезең ішінде сыналуы керек басқарудың шамды аппаратурасы үшін ұзақ мерзімділікке арналған сынаулар ұзақтығы D белгісімен белгілене алады, одан кейін тиісті күндер саны келеді, 10-күндік кезеңнен кейін 60, 90 немесе 120 күндер, барлығы t_w көрсеткеннен кейін бірден жақшалар арасына салынады. Мысалы 60 күн ішінде сынау керек басқару аппаратурасы үшін (D6).

ЕСКЕРТПЕ 3 30 күнді құрайтын ұзақ мерзімділікке арналған сынаудың стандартты кезеңін көрсету қажеттігі болмайды.

қ) ол үшін дайындаушы 4 500-ден ерекшеленетін тұрақты S мәлімдеген басқарудың шамды аппаратурасы үшін S белгісі оның мында тиісті мәнімен бірге беріледі, мысалы егер S 6 000 мәніне ие болса, "S6".

ЕСКЕРТПЕ 4 Болжалды мән S: 4500, 5000, 6000, 8000, 11000, 16000.

ҚР СТ ІЕС 61347-1-2013

г) Ол қоректендіру кернеуінен жоғары болатын кезде бос жүрудің атаулы шығыс кернеуі.

с) БСНН қамтамасыз ететін басқару аппаратурасының түрін көрсететін белгі.

т) шам бәліктерін (егер болса) қосу үшін пайдаланылатын басқарудың тәуелсіз

аппаратурасын жерге тұйықтау қысқыштары мына белгімен таңбалануы керек: \equiv .

Бұл белгі бұранда немесе басқа жеңіл алмастырылатын бәлшектерге салынбауы керек. шамдар бәліктерін біріктіру үшін пайдаланылатын басқарудың тәуелсіз аппаратурасын жерге тұйықтау қысқыштарының белгілерінің кәлемі кем дегенде 5 мм (әріптерді қоса барлығын) құрауы керек.

и) мыналар арасында ең жоғары жұмыс кернеуі көрсету U_{out} (орташа квадрат мән)

- шығыс қысқыштары немесе

- кез келген шығыс қысқышы мен жер (егер қолданылса)

5-кестеде сипатталғандай сатылы.

5-кесте – Жұмысшы кернеу және U_{out} дәрежелері

Жұмысшы кернеу	< 50 В	< 500 В	> 500 В
сатылар бойынша U_{out}	1 В	10 В	50 В

Кернеудің берілген мәндерінен ең жоғарғысы басқару аппаратурасында мына үлгімен таңбалануы керек: «Шығыс жұмысшы кернеу = ... В», немесе «U-OUT = ... В», немесе « U_{out} = ... В».

ЕСКЕРТПЕ 5 и)-тармағы ІЕС 61558-1 анықталған БСНН-пішінді қысқыштарға қолданылмайды.

7.2 Таңбалаудың ұзақ мерзімдігі мен анықтығы

Таңбалау ұзақ мерзімді және анық болуы керек.

Сәйкестік қарап шығумен және біреуіне су, екіншісі уайт-спирит сіндірілген матаның екі кесіндісімен әр ретте 15 с бойына жеңіл сұртумен таңдалауды кетіру ниетімен тексеріледі.

Таңбалау сынаудан кейін анық болуы керек.

ЕСКЕРТПЕ пайдаланылатын уайт-спирит пайызда ең жоғары 0,1 % көлемдік мінмен хош иісті заттектер болуымен гексан ерітіндісінен тұруы ұсынылады, каури-бутанол санының мәні 29, қайнаудың бастапқы нүктесі шамамен 65 °С, аудау шетінің температурасы шамамен 69 °С, ал тығыздық шамамен 0,68 г/см³ құрауы ұсынылады.

8 Қысқыштар

Бұрандалы қысқыштар ІЕС 60598-1, 14-бәліміне сәйкесуі керек.

Бұрандасыз қысқыштар ІЕС 60598-1, 15-бәліміне сәйкесуі керек.

9 Жерге тұйықтау

9.1 Қорғаныс жерге тұйықтау бойынша ереже (белгі: ІЕС 60417-5019 (2006-08))

Жерге тұйықтау қысқыштары 8-бәлім талаптарына сәйкесуі керек. Электр қосылыс/қысу тетіктері босаңсудан тиісті үлгімен бұғатталуы және аспапты қолданбай электр қосылысты /қысу тетіктерін босату мүмкіндігі болмауы керек. Бұрандасыз

қысқыштар үшін қасақана емес қысу тетіктерін/электр қосылыстарын босату мүмкіндігі болмауы керек.

Жерге тұйықтау қысқыштарының барлық бәліктері жерге тұйықтау сымымен немесе онымен байланыста болатын кез келген басқа металлмен байланыс нәтижесі болып табылатын электролиттік жегі қаупін азайтатындай болуы керек.

Бұранда мен жерге тұйықтау қысқышының барлық бәліктері жезден немесе жегіге тұрақтылығы кем емес басқа металдан немесе таттанбайтын бетті материалдан жасалуы және кем дегенде байланыс беттерінің біреуі ашық металдан болуы керек.

Сәйкестікті ІЕС 60598-1:2008, 7.2.3-т сәйкес тексеріледі.

9.2 Атқарымдық дерге тұйықтау бойынша қағида (белгі: ІЕС 60417-5018 (2011-07))

Атиқарымдық жерге тұйықтау қысқыштары 8-бәлім және 9.1-т талаптарына сәйкесуі керек.

Басқарудың шамды аппаратурасының атқарымдық жерге тұйықталу байланысы (әлеуеті) кернеу астындағы бәлшектерден қосарлы немесе арқауланған оқшаулаумен оқшаулануы керек.

9.3 Баспа алаңдарында жолдар арқылы қорғаныс жерге тұйықтауға арналған әткізгіштермен басқарудың шамды аппаратурасы

Егер баспа алаң жолы басқарудың тәуелсіз, кірістірілген немесе біріктірілген шамды аппаратурасына ішкі тәсілмен жерге тұйықтау үшін пайдаланылса, онда ол мына сынауға тәтеп беруі керек.

1 минут ішінде 25 А айнымалы ток кәзінен алынатын ток жерге тұйықтау қысқыштары немесе жерге тұйықтау байланысы арасында баспа алаңында жол арқылы және кезегі бойынша қол жеткізімді металл бәлшектерінің әрбіріне әтеді.

Басқару аппаратурасын сынаудан кейін және қоршаған орта температурасына дейін салкындатқаннан кейін ІЕС 60598-1:2008, 7.2.3-т талаптарын қолдану керек.

9.4 Кірістірілген басқарудың шамды аппаратурасын жерге тұйықтау

Шамның жерге тұйықталған металына басқару аппаратурасын бекітумен басқарудың кірістірілген шамды аппаратурасын жерге тұйықтау рұқсат етіледі.

ІЕС 60598-1:2008, 7.2-т қара.

Егер басқарудың шамды аппаратурасы жерге тұйықтау қысқышына ие болса, онда осы қысқыш басқарудың кірістірілген шамды аппаратурасын жерге тұйықтау үшін ғана пайдалануы керек.

